



БҰЙРЫҚ

2024 ш. 04.17

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№

108

город Астана

**«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры»
акционерлік қоғамының 2023 жылға арналған
жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының бірінші бөлігінің 3) тармақшасына, «Центраудит-Казakhstan» Тәуелсіз Аудиторлық Компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі тәуелсіз аудиторының есептеріне, «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 28 наурыздағы № 2 хаттамасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2024 жылғы 16 сәуірдегі № КГИП-03-КГ/4383 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) 2023 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін.

2. Қоғамның бас директоры:


1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жылдық қаржылық есептілікті қаржылық есептілік депозитарийін жүргізетін ұйымға жолдауды;

2) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оның көшірмесін және Қоғамның 2023 жылға арналған жылдық аудиторлық есебін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Қаржы департаментіне жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Бірінші вице-министр



А. Сарбасов

003369

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау бірінші вице-министрінің
2024 жылғы 04 18
№ 108 бұйрығына
қосымша

**«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры»
акционерлік қоғамының 2023 жылға арналған
жылдық қаржылық есептілігі**